

ТАРИХИ – МӘДЕНИ ЕСКЕРТКІШТЕР КАРТАЛАРЫН ҚҰРАСТЫРУ ӘДІСТЕМЕЛІГІ (ҚАЗАҚСТАННЫҢ ОҢТҮСТІК БӨЛІГІ МЫСАЛЫНДА)

Ходжаева Р.А.

Ғылыми жетекші Қожахметова Ү. Қ.

әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті

e-mail: ruhsor.96@mail.ru

Алғашқы қауымдық құрылыс қоғамында-ақ, картографиялық суреттер жазу пайда болғанға дейінгі ұзақ уақытта кеңістікті бағдарлау және нысандар мен заттардың қоршаған ортада орналасуын түсіну үшін қызмет етті. Карта көмегімен айқындалған барлық ғаламдық және аймақтық заңдылықтар сапалық сипатқа ие болды. Картаны талдаудың негізгі әдісі – салыстырмалы географиялық әдіс болды, ал жетекші ұстаным – оқымыстылардың шығармашылық ынтасы еді. Картаны пайдаланудың жаңа деңгейі жаратылыстану ғылымына сандық әдістердің енгізілуімен байланысты.

Тарих және мәдениет ескерткіштерінің жиынтығы мұражайлық, көрмелік маңызы бар заттар мен жылжымайтын ескерткіштерді (құрылыстарды, ғимараттарды, т.б.) қамтиды. Ортақ типологиялық белгілері бойынша ескерткіштерді негізгі 4 түрге бөледі: археологиялық ескерткіштер, тарихи ескерткіштер, сәулет өнері ескерткіштері, монументтік (мүсін) өнері ескерткіштері. Сондай-ақ, ескерткіштерге тарихи-танымдық немесе тарихи-көркем құндылығы бар жазбаларды да жатқызуға болады. Яғни адамзаттың көне заманнан күні бүгінге дейінгі дамуы жолындағы түрлі саладағы аса маңызды жетістіктерінің ерекше, қайталанбас заттық-рухани үлгі-нұсқаларын; адам өміріндегі оқиғаларды, белгілі бір елдің, халықтың басынан кешкен тарихи кезеңін еске түсіретін құндылықтарды, қастерлі мұраларды ескерткіш деп атау қалыптасқан.

Қазақстанның археологиялық ескерткіштері туралы алғашқы мәліметтер орта ғасырлардағы ғалымдар мен тарихшылар, географтар мен саяхатшылардың еңбектерінде кездеседі. Олар өз еңбектерінде өздері тікелей көзімен көрген немесе өздеріне айту бойынша мәлім болған әдеттен тыс заттар, бейнелер, өз замандарынан көп бұрын болған қалалар мен қоныстардың жұрттарын, оқиғаларды айтып кеткен. Бүгінгі күні Қазақстан аумағынан үңгірлік тұрақтардан бастап кездейсоқ ұшырасқан бұйымдарға дейін есептегенде 450-дей палеолит, 50 шақты мезолит, 800-дей неолит ескерткіштері анықталған.

Көне карталар қазақ жеріндегі дәстүр мен өркениеттен хабар берсе, кейінгілері қазақ жерінің XIX ғасырдан бастап кешегі күнге дейін қалай бөлшектенгенін айқын көрсетеді. Еділ мен Жайық арасындағы қазақ жерін қағаз бетіне түсірген неміс картасы (1837), Орынбор өлкесінің әкімшілік бөліністерін көрсететін орыс картасы (1870), қазақ даласын жалпы сипаттайтын ағылшын карталары XIX ғасырда қазақ жеріне көз тіккен елдердің нені көздегенін толық аңғартады. Қазақ мәдениеті мен тұрмыс-тіршілігін бейнелейтін сирек кездесетін қызғылықты фотосуреттер де жеткілікті.

Бұл жұмыста тарихи карталар зерттеліп, олардың құрастыру әдістемелігін салыстыру арқылы заманауи ГАЖ бағдарламалары көмегімен карталар құрастырылады да Қазақстанның оңтүстігінде орналасқан Жібек жолы сынды тарихи –мәдени ескерткіштерге негізделеді. Зерттеу негізі Махмуд Қашқаридің "дөнгелек картасы", Левшиннің «Описание киргиз-казачьих или киргиз-кайсацких орд и степей» еңбектерінен бастау алады.